

«Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің
Басқарма төрағасы-Ректор

Л.Н.Карабасова

« 30 » _____ 2022 ж.




ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2022ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӨЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры  Бишекен С.К.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («30» 11 2022 ж., хаттама №5)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

2-НҮСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже университетте оқу процесіне дуалды оқыту элементтерін енгізу тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже университеттің білім алушылары, профессор-оқытушылары мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (14.07.2022 ж. №141-VII өзгерістер мен толықтырулармен).

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №79 өзгерістер мен толықтырулармен).

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2022 жылғы 18 қарашадағы №145 бұйрығы).

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы).

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі (Ғылыми кеңестің шешімі, 12.08.2020 ж. №13 хаттама).

2.6 Дуалды оқытуды ұйымдастыру туралы қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қазандағы №50 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2022 жылғы 27 тамыздағы №380 бұйрығы).

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 Дуальды оқыту жүйесі – кәсіптік оқыту мақсатында бірлесіп әрекет ететін екі ұйымның: кәсіпорын мен университеттің өзара әрекетіне негізделген оқыту жүйесі. Екі ұйым да бір-біріне өзара байланыстағы тәуелсіз серіктестер болып табылады.

3.2 Дуальды оқытуға қатысушылар:

- білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;
- меншік нысанына қарамастан ұйымдар (кәсіпорындар);
- білім алушы – студент.

3.3 Дуальды оқыту элементтерінің міндетті бөлігі:

- кафедра филиалдары туралы ереже;
- кафедра филиалдары туралы келісімшарт;
- кәсіптік тәжірибе туралы келісім шарт;
- практикалық/зертханалық сабақтардың өткізілетін орны көрсетілген сабақ кестесі;

- кәсіпорын немесе ұйымдағы практикалық сабақ және кәсіптік практиканы өткізуге арналған оқу аудиториялар немесе оқу-өндірістік алаңдар.

3.4 Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу кезінде білім алушылардың жұмыс тәжірибесі одан әрі жұмысқа орналасу мақсатында кәсіпорынның (ұйымның) қалауы бойынша жалақымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

4 ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНГІЗУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Дуальды оқыту элементтерін енгізудің мақсаты білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес кәсіптік оқытудың негізгі бағдарламаларын сапалы меңгеру, сондай-ақ кәсіптік салада практикалық дағдыларды игеру болып табылады.

4.2 Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді орындау қажет:

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша жоғары пайызды қамтамасыз ету;
- өндірістік және білім беру кластерлерін қалыптастыру шеңберінде университет пен жұмыс берушілер арасында өзара байланыс механизмдерін құру;
- кадрлық әлеуетті және жұмыс берушілердің материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып, білім беру бағдарламалары мен жекелеген курстарды іске асыру;
- сабақтас, интеграцияланған кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- университеттің оқу-зертханалық және оқу-өндірістік базасын жаңғырту үшін жұмыс берушілерді тарту;
- білім алушылардың кәсіби білім алуы және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстарды жүргізуде университет пен бизнес-қоғамдастықтардың өзара байланысын үйлестіру;
- студентке бағытталған білім беруді күшейту, білім алушының өзіндік жұмысын жандандыру;
- өндірісте заманауи инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру.

5 ДУАЛДЫҚ ОҚУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

5.1 Дуальды оқыту элементтерін енгізу арқылы оқу процесін ұйымдастыру кафедралардың филиалдары мен өндірістік практиканы ұйымдастыру туралы келісімшарт негізінде жүзеге асырылады.

5.2 Дуальды оқыту жүйесінің элементтері факультет деканы бекітетін сабақ кестесінде де көрсетіледі.

5.3 Дуальды оқыту элементтерін енгізу кезінде оқу процесі университеттегі теориялық сабақтарды қамтиды, ал зертханалық, практикалық сабақтар, кәсіптік практика, курстық және дипломдық жобалау өндірісте, тиісті бейіні сәйкес келетін ұйымдарда және кафедра филиалдарында жүзеге асырылады.

5.4 Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың формасы, мазмұны мен көлемі қолданыстағы модульдік білім беру бағдарламалары негізінде айқындалады.

5.5 Университет дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу бойынша теориялық оқытуды өндірістік практикамен ұштастыру негізінде оқу қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Бұл ретте пәннің оқу материалының 30% жуығы тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және т.б.) игеру көзделуі қажет.

5.6 Өндірістік оқу және кәсіптік практика кезеңінде өндірістік тәжірибеден өтушіге кәсіптік практиканы өткізу келісімшарты және кафедраның филиалын ұйымдастыру туралы келісім шартты таратылады.

5.7 Оқу және практикадан өту кезінде білім алушы білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір тапсырмаларды орындайды.

6 ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

6.1 Университет:

- оқу процесіне қажетті жағдай жасайды;
- студенттердің практикалық/зертханалық сабақтарының кестесін ұйыммен (кәсіпорынмен) келіседі;
- ұйымның (кәсіпорынның) талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады;
- практикалық/зертханалық сабақтардың барысы мен білім алушының ұйымда (кәсіпорында) тәжірибеден өтуіне мерзімді бақылау жүргізеді;
- студенттерді оқу-әдістемелік материалдармен және бағдарламалармен қамтамасыз етеді;
- студенттердің сабақ кестесіне сәйкес зертханалық/практикалық сабақтарға және Академиялық күнтізбеге сәйкес кәсіптік тәжірибеге қатысуын қамтамасыз етеді.

6.2 Ұйым (кәсіпорын):

- Практикалық/зертханалық сабақтардың, кәсіби тәжірибелердің өтуіне жағдай жасайды;
- материалдық-техникалық базасымен таныстырады;
- жұмыс талаптарымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен таныстырады;

- білім беру бағдарламаларына сәйкес практикалық сабақтар мен кәсіптік тәжірибені ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- кәсіби тәжірибеге жетекшілік жасайтын білікті мамандармен қамтамасыз етеді;
- еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелері бұзылған жағдайларын университетке хабарлайды.

6.3 Білім алушы:


- ұйымның (кәсіпорынның) жағдайымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау шарттарымен танысады;
- оқу-өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтайды;
- кесте бойынша практикалық, зертханалық сабақтарға қатысады;
- тәжірибе бағдарламасының талаптарын қатаң сақтайды және орындайды;
- өндірістік оқу және кәсіптік практикадан өту туралы күнделік жүргізеді, есеп дайындайды.

7 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

7.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор  Л.Н.Мясникова